



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№41 (1998) 24 ҚАРАША 2025 ЖЫЛ

ЖИ бағытында жаңа жобалар іске асады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытайдың техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарымен жасыл энергетика, цифрлық технология және жасанды интеллект саласы бойынша ортақ жобаларды іске асырады.

асырып жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы ақпарат берді.

«Бүгінгі сіздің жасаған сапарыңыз екіжақты байланыстардың жаңа кезеңін айқындап, өзара тиімді ынтымақтастығымыздың перспективті бағыттарын зерделеуге зор мүмкіндік береді. ҚазҰУ Қытай университеттерін өте маңызды серіктес ретінде қарастырады. Оқу ордасында Қазақстан бойынша үлкен Конфуций орталығы мен Қытайтану кафедрасы табысты жұмыс істейді.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Түркиядағы OFM Antalya жекеменшік ауруханасының негізін қалаушы және бас директоры Тургай Бирсезбен кездесу өткізді.



Медицина саласындағы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жүздесу барысында тараптар медицина саласындағы ынтымақтастықты дамыту және студенттер мен жас зерттеушілерге клиникалық тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін кеңейту мәселесін талқылады.

Екіжақты келіссөздің нәтижесінде ҚазҰУ мен OFM Antalya ауруханасы

өзара серіктестік туралы меморандумға қол қойды. Құжат оқу ордасы студенттерінің Түркиядағы жетекші медициналық орталықта тәжірибеден өтуіне, оқытушы-профессор-

лар құрамының біліктілігін арттыруға, сонымен қатар медицина бағытында ортақ ғылыми жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ үшін OFM Antalya медициналық орталығымен әріптестікті нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ ректор өз сөзінде ҚазҰУ қалашығының II даму жоспары аясында жаңа университеттік емхана бой көтеретінін жеткізді.

Өз кезегінде Тургай Бирсез ҚазҰУ-мен серіктестікке ықыласты екенін білдірді.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



ҚазҰУ-да орталық ашуға келісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Қорғас Алтын орда Хан деректер технологиясы» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Я.Фэнмен кездесу өткізді.

Жансейіт Түймебаев университеттің ғылыми әлеуеті, инновациялық жобалары және халықаралық ынтымақтастық бағытындағы жұмыстар жөнінде кеңінен ақпарат берді. Ректор ҚазҰУ-дың цифрлық трансформация, жасанды интеллект, де-

ректтерді талдау, смарт-технологиялар сияқты салаларда белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті.

Өз кезегінде Қытай тарапы ілтипат көрсеткені үшін ҚазҰУ ұжымына ризашылығын білдіріп, компания электрөкілік-

терді жөндеу, робототехника және ұшқышсыз ұшу аппараттарын әзірлеу бағытында оқу ордасымен серіктестік орнатуға ниетті екенін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар аталған ұсыныстар бойынша бірлесіп жұмыс істеуге уағдаласып, ҚазҰУ базасында компанияның орталығын ашуға келісті.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ



3-бет
Қазақ мемлекеттілігінің генезисін зерттеуші



4-бет
ЖИ: ұлттық код пен цифрлық өркендеу жолы



7-бет
Ғамзатовтың ғажабы



ЖИ бағытында жаңа жобалар іске асады



Соңы. Басы 1-бетте

Мұнда жастар қытай тілін үйреніп қана қоймай, Қытайдың мәдениеті және өркениетімен танысады. ҚазҰУ зерттеушілері 100-ден астам ғылыми жобаны жүзеге асыруда. Аталған инновациялық жобаларды қытайлық компаниялармен бірлесіп өндіріске енгізуді ұсынамын», – деді ректор.

Өз кезегінде Қытайдың өнеркәсіп және ақпараттандыру вице-министрі Чжан Юньмин серіктестіктің стратегия-

лық маңызы зор екенін атап өтіп, бірлескен жобаларды қолдауға дайын екенін білдірді. «ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға жасаған сапарында «білімге инвестиция салу – аса маңызды бастамалардың бірі» деп атап өткен болатын. Осы тұрғыда ҚазҰУ-мен бірге ғылыми орталық ашуға және цифрлық технология, жасанды интеллект бағытында білікті мамандарды даярлауға дайынбыз», – деді вице-министр Чжан Юньмин.

Келіссөзден соң делегация мүшелері үшін арнайы тур ұйымдастырылды. Қонақтар ҚазҰУ базасындағы Қашықтықтан зондтау, Суперкомпьютер орталығын, Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын және ZTE компаниясының бөлімшесін көріп, оқу ордасының ғылыми инфрақұрылымымен танысты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің ақпараттық-коммуникациялық инженерия бойынша екінші форумы өтті.

Форумға Қазақстан, Қытай, Өзбекстан және Беларусь елдерінің жетекші ғалымдары мен сарапшылары қатысты. Форумды ашқан СБПУ вице-президенті, профессор Сюэкуэй Юэ ақпараттық технологиялар саласында білікті мамандарды даярлаудың маңыздылығын атап өтті. ҚазҰУ

Ақпараттық технологиялар форумы өтті

базасында ашылған СБПУ филиалы бүгінде «Инженерия», «IT», «Электрондық ғылым және технологиялар», «Аэронавтика» мамандықтары бойынша 140 студентке білім беріп, заманауи сұранысқа ие мамандар даярлап отыр.

Профессор Сюэкуэй Юэ технологиялар мен цифрландырудың қарқынды дамуы, жасанды интеллектінің барлық салаға енуі жоғары білім беру жүйесін нығайтуға үлкен инвестицияларды қажет ететінін айтты. Ол бұл форум елдер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қалашықтағы ғылыми орталықтарды аралап, жүргізіліп жатқан соңғы өзгерістер және жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Оқу ордасының басшысы алдымен Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барды. Мұнда ректорға орталықтың негізгі даму бағыты мен болашақ жоспары таныстырылды.

Кейін Жансейіт Қансейітұлы Цифрлық технологиялар және робототехника халықаралық институты мен Робототехника және мехатроника бойынша компетенция орталығын аралап көрді. ҚазҰУ ректорына робототехника саласындағы білім беру бағдарламалары жөнінде ақпарат беріліп, өндірістік роботтарды басқару бағытындағы зерттеулердің нәтижелері көрсетілді.

Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев қалашықтағы ұшқышсыз ұшу аппараттарын әзірлейтін цехтың құрылыс жұмысымен танысты. Аталған ғылыми орталықты ҚазҰУ мен

Ғылыми орталықтардағы өзгерістермен танысты



«Юань Чжэнь» қытайлық компаниясы бірлесіп ашуда. Қазіргі уақытта нысанда ішкі өрлеу

және жабдықтау жұмыстары жүріп жатыр.

ЖОО басшысы университеттің ғылыми әлеуетін одан әрі арттырудың маңыздылығын атап өтіп, жауапты мамандарға ғылыми инфрақұрылымды жаңартуды, зертханаларды заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді және ғалымдарға жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Farabi International Business School түлектеріне диплом тапсыру салтанаты өтті. Биыл бизнес мектеп өз тарихындағы ең ауқымды нәтижеге қол жеткізіп, 200-ден астам магистрант пен 17 докторантқа диплом тапсырды. Дипломдарды ҚазҰУ Басқарма мүшесі – әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а. Бақытжан Омаров табыстады.

Бизнес мектеп түлектері арасында ірі және орта бизнес өкілдері, кәсіпорын басшылары, компания иелері, сондай-ақ аудан әкімдері, квазимемлекеттік ұйымдардың өкілдері мен облыстық мәслихат депутаттары бар. Мұндай кәсіби бағыттардың алуантүрлілігі – Farabi бизнес мектебінің білім беру бағдарламаларына деген жоғары сенімнің көрсеткіші.

ҚазҰУ Бизнес мектебі соңғы жылдары ұлттық және халықаралық деңгейде қарқынды

Түлектерге диплом табысталды



дамып келеді. Мектеп директоры Жарасхан Сарыев студенттер санының тұрақты өсімін, DBA бағдарламаларының кеңеюін, ребрендинг жүргізілгенін, ACQUIN халықаралық аккредитациясының алынғанын, сондай-ақ QS MBA Ranking рейтингіне қатысуды маңызды жетістіктер ретінде атап өтті. Оның айтуынша, бұл нәтижелер бизнес мектептің беделін күшейтіп, түлектер дипломдарының құндылығын

арттыра түседі. Өткен оқу жылында Farabi International Business School Қытайдың жетекші бизнес мектебі мен Үндістан университеттерінің магистранттарына арналған дәрістер өткізіп, халықаралық серіктестікті кеңейтті. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың Бішкек, Ыстамбұл және Омбы қалаларындағы филиалдарында жұмысын күшейтіп, Ташкенттегі жаңа бағытты іске қосты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

арасындағы ғылыми-білім беру ынтымақтастығын одан әрі дамытуға серпін беретініне сенім білдірді.

ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялар жөніндегі проректоры Марғұлан Ибраимов форумның маңыздылығын атап өтті.

Форум барысында қатысушылар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, спутниктік және радиолокациялық жүйелер, жасанды интеллект, гиперспектралды бейнелер, электромагниттік үйлесімділік, сейсмология және қашықтан зондтау жүйелері бойынша баяндамалар жасады.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Қазақ мемлекеттілігінің генезисін зерттеуші

Ұлттық мерекеміз – Республика күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қытайтану кафедрасының профессоры Нәбижан Мұқаметханұлы «Құрмет» орденімен марапатталды.



Адал еңбек, қайсар мінезімен Құдай берген дарынын ел игілігіне арнаған, бабалар аманатын арқалап келіп ұлағатты ұстаз атанған, әріптестерінің құрметіне бөленген қытайтанушы-ғалым, профессор Нәбижан Мұқаметханұлының пешенесіне әу бастан ғалым болу жазылса керек. Көрнекті ғалым 12 сәуірде, яғни Ғылым күні дүниеге келіпті. Болашақ ғалым 1954 жылы ҚХР-дың Іле қазақ автономиялық облысы «Қабанбай шоқысының» бөктеріне орналасқан, табиғаты өте көркем Мұқыр деген ауылда дүниеге келіпті. Арғы ата-балаларында ел бастаған көсем де, сөз ұстаған шешен де, мыңғырған мал айдаған бай да, қажылыққа барған, ілім ұстаған діндар кісілер де болған ағамыздың тектілік қанында болса керек.

«Үлкен секіріс», «Мәдени революция» деген сияқты Қытайда болған түрлі тарихи оқиғаларды тегіс көзімен көрген Нәбижан Мұқаметханұлы өзінің білімдегі жолын 1973 жылы Қытайдың Гуанчжоу қаласындағы Сунь Ятсен атындағы мемлекеттік университеттің тарих факультетінен бастаған. Оқу ордасын тамамдаған соң, Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясының Орталық Азия зерттеу институты және Ұлттарды зерттеу институты сияқты ғылыми мекемелерде түрлі қызмет атқарған. 1985-87 жылдары Пекин университеті тарих факультетінің аспирантурасында оқыды. Кеше ғана бүкіл саласы тоқырауға ұшыраған Қытайдың қайта түлеп, үлкен өзгерістерге аяқ басқан реформаларын көріп, шамасы келгенше атсалысуға тырысты.

«Кеңес Одағының құрсауында болған Қазақстан өз алдына тәуелсіз, егемен ел болды» деген хабар шыққаннан-ақ Нәбижан Мұқаметханұлы тарихи Отанға оралу әрекетін бастап кетті.

Бұл арманы 1993 жылы сәуірде жүзеге асты. ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына докторантураға қабылданып, 1997 жылға дейін академик Манаш Қозыбаевтың жетекшілігімен ғылыми жұмыстар жазды. Кандидаттық, докторлық ғылыми атағын қорғады. Осылайша ағамыз Қытайда Нығмен Мыңжан сияқты атақты ғалымдардың тәрбиесін көрсе, елге оралған соң кеңестік жүйенің де фундаменталды мектебінен өтті.

Тарих және этнология институтында ғылыммен айналысқан Нәбижан Мұқаметханұлы 2000 жылдардан бастап ғылымды ұстаздықпен ұштастырды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, халықаралық қатынастар, шығыстану факультеттерінде шәкірт тәрбиеледі, кафедра басқарды.

2012 жылы өзінің күш салуымен университет жанынан құрылған Қазіргі заманғы Қытайды зерттеу орталығының директоры қызметін қолға алып, бүгінгі күнге дейін сол жерде отандық ғылымды дамытуға еңбек етіп келеді.

Профессор Мұқаметханұлының зерттеу еңбектерінің аясы өте кең. Ескі қытай жазбалары негізінде қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің генезисін зерттеді. Қытайдың орда хаттамалары арқылы Цин империясы мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынастарды жаңаша сипаттап, тың тұжырымдар жасады. Отандық абылайхантану ғылымының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай үлес қосты, жаңа заманда қазақ халқының бөлінуі мен тұтастану үдерісін терең зерттеп, халқымыздағы ұлттық сана-сезім мен патриоттық рухын айшықтап көрсетті. Қазіргі таңдағы Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың өзекті мәселелерін зерттеп, отандық қытайтану ғылымын қалыптастыру үшін құлшына еңбек етті. Осы бағыттарда халықаралық мінбелерде тұшымды баяндамалар жасап, ғылыми еңбектер жазды.

Жарты ғасырға жуық ғылыммен шұғылданып келе жатқан Нәбижан ағамыз 440-тан астам ғылыми еңбек жариялады, оның 15-і – ғылыми монографиялар мен оқу құралдары. Ол кісінің жетекшілігімен ғылыми дәрежесін қорғаған 4 ғылым кандидаты мен 5 PhD доктор білім мен ғылым саласында танымал маманға айналды.

Бар өмірін «инемен құдық қазғандай» білім мен ғылым жолына арнаған Нәбижан Мұқаметханұлына шын көңілден мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасына амандық, баянды бақыт, шаттық пен береке тілейміз!

Ержан КЕРІМБАЕВ,
Қытайтану кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары



Халықаралық білім беру апталығына қатысты

Қытайдың Ухан қаласында Орталық қаржы-экономика және құқық университеті (ZUEL) ұйымдастырған форум және «Әлемдік жоғары білім беру ынтымақтастығының жаңа үлгілері» тақырыбы бойынша конференция болып өтті.

ZUEL – әлемдік ғылыми ынтымақтастық пен мәдениет-аралық түсіністікті нығайтуда 50-ден аса ел мен өңірлердегі 100-ден астам университет және ғылыми-зерттеу мекемелерімен әріптестік, алмасу байланыстарын орнатқан оқу орны. ZUEL-дің халықаралық бастамаларының флагманы саналатын «Халықаралық білім беру және мәдениет апталығы» серіктестер мен студенттердің іс-шарасына әлем университеттерінен ғылыми жетекшілер мен аға әкімшілер шақырылды. Біздің Қазақ ұлттық университетінің Түркітану және тіл теориясы кафедрасынан төрт оқытушы-профессор мен бір маманымыз Халықаралық білім беру көрмесіне қатысып, халықаралық бағдарламаларды таныстырды.

Алдын ала форум мен конференцияға жиналған шетелдік ғалымдармен кешкі басқосу ұйымдастырылып, тәжірибе алмасу, кеңес алу жиыны өтті.

Одан кейін Чжуннань экономика және құқық университеті Нанху аумағында форум өз жұмысын бастады. Форумды Чжуннань экономика және құқық университетінің проректоры Лю Реншань құттықтау сөзбен ашты. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген академиялық көшбасшылар мен университеттердің өкілдері өздерінің құттықтау сөзін жеткізді. Біздің елімізден Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қауымдасты-

рылған профессоры П.Елубаева шығып, өз лебізін білдірді.

Құттықтаулар біткен соң, Халықаралық мәдениет фестивалі басталды. Мұнда әрбір елдің ұлттық салт-дәстүрлері мен концерт бағдарламалары көрсетілді. Біздің университетімізден академиялық ұтқырлық бойынша Қытайдың Ухан қаласында білім алып жатқан «6B010704-Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 3-курс студенттері қазақ халқының өнерлерімен көпшілікті тәнті етті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық бренд маркетингі және визалық қолдау орталығының жетекші маманы Нұрбек Кеңесхан университетіміз туралы презентация жасады. Онда университетіміз туралы толық мәлімет берілді. Әрі қарай Халықаралық білім беру бағдарламасының көрмесі жалғасын тапты.

Форуммен қатар, «Әлемдік жоғары білім беру ынтымақтастығының жаңа үлгілері» тақырыбы бойынша конференция болып өтті. Конференцияға 50-ден аса мемлекеттен келген ғалымдар баяндама жасады. Ухан қаласының ескі мәдени орындарымен танысуға арналған мәдени тур болды. AP19675130 «Түркі тілдеріндегі ортақ фразеологиялық бірліктердің лексикографиялық жүйесі» жобасы аясында ZUEL ғалымдарымен тәжірибе алмасу, ғылыми кеңес алу семинары өтті.

Семинар жұмысынан соң, Чжуннань экономика және құқық университеті білім департаментінің басшысы, журналистика және мәдени коммуникация факультеті басшылары, оқытушы-профессорларымен халықаралық ынтымақтастықты тереңдету, дамыту мақсатында кездесу болды. Кездесуді журналистика және мәдени коммуни-

кация факультетінің партия хатшысы Цзи Цюнь жүргізді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі, делегация жетекшісі, филология ғылымының докторы, профессор Раушан-гүл Амирдинқызы Қытай тарапынан көрсетілген жоғары деңгейдегі ілтипат үшін алғыс білдіріп, жалпы университет, факультет, кафедра туралы таныстырып, бізге ғылыми артықшылықтар мен оқытушы-профессорлар құрамы туралы баяндады. Ол әсіресе шет тілі және қытай тілі мамандығының дамуы мен болашақ жоспарларын егжей-тегжейлі түсіндіріп, тілдік білім беру саласында нақты әрі мазмұнды әріптестік орнатуда сәттілік тіледі.

Өзара кездесу барысында журналистика мен мәдени коммуникация факультеті Қытай тілі кафедрасының профессоры Тан Фэй халықаралық қытай тілі білім беру магистратурасының даярлау мақсаттарын, білім беру бағдарламасын, оқу бағдарламасы мен қабылдау, бітіру талаптарын, сондай-ақ алдағы перспективалар туралы жан-жақты түсініктеме берді. Екі тарап косдипломды магистратура бағдарламасын бірлесіп іске асыру, ғылыми ынтымақтастық және кадр алмасу сияқты мәселелер бойынша жан-жақты пікір алмасты. Кездесу соңында журналистика және мәдени коммуникация факультетінің деканы, профессор Ю.Сючай қорытынды сөз сөйледі. Ол қазақстандық әріптестермен жүргізілген келіссөз нәтижелеріне жоғары баға берді.

Бұл кездесу өзара түсіністікті арттыруға, ынтымақтастық бағытын нақтылауға зор ықпал еткенін, Орталық Қытай қаржы-экономика және құқық университетінің халықаралық стратегиясын ілгерілетуде «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы білім берудегі маңызды қадамы болғаны атап өтілді. Екі тарап та кездесуде қол жеткізілген нәтижелерді жедел жүзеге асырып, бірлескен жобалардың жақын уақытта табысты іске асуына ортақ ниет білдірді.

Раушан АВАКОВА,
профессор

Шолпан ҚҰДЫЯРОВА,
оқытушы



Бүгінде жасанды интеллект (ЖИ) – технология ғана емес, өркениеттің дамуындағы жаңа бетбұрыс. Әлем елдері білім, ғылым, мәдениет пен экономика салаларында ЖИ-дің әлеуетін тиімді пайдаланып келеді. Ал Қазақстан үшін бұл үдеріс ерекше мәнге ие. Себебі біз тек технологияны меңгеріп қана қоймай, оның көмегімен қазақ тілінің өміршеңдігін арттыруды, ұлттық болмысымызды сақтауды мақсат тұтамыз.

верситетінде ашылған «Цифрлық қазақ тілі» мамандығы да маңызға ие. Бұл мамандықта студенттер тілдің өміршеңдігін сақтау, оны цифрлық ортада дамыту және ЖИ жүйелеріне бейімдеу жолдарын үйренеді. «Қазақ тілі және жасанды интеллект», «Цифрлық филологияның даму бағыттары» т.б. пәндер сияқты өзекті бағыттар бар. Ал бұл болашақта қазақ тілін ЖИ жүйелерінде толық қолжетімді етудің басты тетігі болары сөзсіз. Енді қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі салмағын арттыру үшін нақты әрі қарапайым қадамдар қажет екенін айтқымыз келеді. Солардың бірқатарына тоқтап өткім келеді:

табиғи, ұлттық сипатын сақтайды.

• **Қоғам болып атсалысу және ашық дереккөздер**

Кез келген адам қазақша мәтін, жазба, видео жүктей алатын ашық тілдік платформа жасалса, онда қазақ тілінің дерекқоры жылдам өседі. Сондай-ақ бұл үшін әр контенттің сауатты жазылуын қадағалайтын немесе тексеретін жүйе қажет.

Дегенмен ЖИ мен тіл технологиясын дамытуда қиындықтар да жоқ емес:

- Қазақ тіліндегі мәтіндер мен деректердің аздығы;
- Кадр тапшылығы. ЖИ мен лингвистика саласын қатар білетін мамандар жоқтың қасы;

Инновациялық алгоритмдерді әзірлейтін мамандар қажет



Механика-математика факультетінің деканы Жоламан Бектемесов пен Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының оқытушылары Пуатье университетінің профессоры Фредерик Рихардпен «Қолданбалы және есептеу математикасы» мамандығы бойынша бірлескен қосдипломды магистрлік бағдарламаны іске қосу мәселесін талқылау мақсатында кездесу өткізді.

Профессор француз әріптестерінің математикалық ғылымдар саласындағы ынтымақтастықты дамытуға деген жоғары қызығушылығын атап өтті. Өңгіме барысында қазіргі әлемде, әсіресе жасанды интеллект саласында технологиялық прогресс қарқынды дамып келе жатқаны айтылды. Осыған байланысты терең математикалық әдістер мен бағдарламалау дағдылары бар мамандарға деген қажеттілік барған сайын өзекті болып келеді.

Жаңа бағдарлама күрделі есептерді шешуде инновациялық алгоритмдерді әзірлеуге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған. Сонымен қатар деректерді өңдеудің және математикалық модельдеудің заманауи әдістерін зерттеу өзекті болып саналады. Пәнаралық тәсілдің маңыздылығына ерекше назар аударылды. Түлектер алған білімдерін инженерия, IT, экономика және ғылыми зерттеулер салаларында қолдана алады. Профессор бағдарламаның халықаралық оқыту стандарттарына сай дайындалатынын атап өтті. Кездесу барысында академиялық мобильділік пен бірлескен ғылыми жобалардың перспективалары талқыланды. Студенттер Қазақстанда да, Францияда да білім алады деп күтілуде. Бұл олар-

дың академиялық және кәсіби көкжиегін кеңейтеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – әлемдік еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттіліктерді дамыту. Серіктестер бағдарламаны енгізу университеттер арасындағы ғылыми байланысты нығайтуға ықпал ететініне сенімді.

Сонымен қатар кездесуде академиялық пәндердің мазмұнына ерекше назар аударылды. Цифрлық әдістер, машиналық оқыту, оңтайландыру теориясы және математикалық модельдеу сияқты негізгі пәндер талқыланды. Профессор сондай-ақ мамандарды даярлаудың практикалық бағытын күшейту үшін үлкен деректерді талдау және есептеу геометриясы бойынша курстарды қосуды ұсынды. Қатысушылар алдағы келіссөздерге және қажетті құжаттарды дайындауға дайын екенін білдірді. Кездесу соңында екі тарап та жобаның маңыздылығын атап өтіп, бағдарламаның жақын арада сәтті іске қосылуына үміт білдірді.

Сәуле
МАУСЫМБЕКОВА,
Механика және
математика
кафедрасының
меңгерушісі,
қауымдастырылған
профессор

ЖИ: ұлттық код пен цифрлық өркендеу жолы



Қазақ тілін дамыту тіл мамандары мен филологтардың ғана міндеті емес. Бұл – елдің мәдени қауіпсіздігі мен экономикалық дамуының кепілі. ЖИ технологияларын қазақ тіліне бағыттау арқылы тілімізді сақтап, цифрлық кеңістіктегі орнын берік ете аламыз.

Соңғы жылдары елімізде осы бағытта елеулі жұмыстар жалғасуда. Мысалы, Institute of Smart Systems and Artificial Intelligence (ISSAI) әзірлеген KAZ LLM тілдік моделі қазақ тілінде мәтін өңдеу, аударма және мазмұн генерациясын жасай алады. Ал мемлекет қолға алған «Ұлттық сөздік қор» жобасы – қазақ тілін ЖИ жүйелерінде тануға және қолдануға мүмкіндік беретін үлкен бастама.

ЖИ қазақ тілін үйрету мен оқыту процесін түбегейлі өзгерте алады. Қазірде тіл үйренушілерге арналған виртуалды көмекшілер, жекелендірілген оқу платформалары, автоматты бағалау жүйелері қолға алынып жатыр. Мысалы, ЖИ қазақ тіліндегі оқу материалдарын талдап, әр оқушыға жеке оқу траекториясын ұсына алады. Бұл әсіресе ауыл мектептері мен қашықтан оқытындар үшін зор мүмкіндік.

Осы бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық уни-

• **Қазақша деректер базасын құру**

Онда кітап, мақала, радио-бағдарламалар, аудио және видеоконтент жинақталып, ашық платформада қолжетімді болуы керек.

• **Тілдік стандарт пен орфографиялық бірізділікті сақтау**

Қазіргі қазақ басылымдарында бір сөздің бірнеше нұсқасы қатар жүреді және тыныс белгісі де әртүрлі қойылады. Бұл мәселені ЖИ арқылы шешуге болады. Орфографияны тексеретін ЖИ жүйесі сөздің дұрыс жазылуын көрсете алады. Ол үшін заманауи үлкен тілдік модельдерге қазақша орфография ережелерін үйрету қажет.

• **Қазақша сапалы контент өндірушілерге қолдау көрсету**

YouTube, TikTok сияқты платформаларда қазақ тіліндегі контентті көбейту үшін грант пен марапат жүйесін енгізу пайдалы болар еді.

• **Мәдени және жергілікті тіл ерекшеліктерін сақтау**

ЖИ-ге ресми тілді ғана емес, диалектілер мен ауызекі тілді де үйрету керек. Бұл тілдің

• **Мәдени және этикалық нормаларды сақтау. Автоматтандыру барысында тілдің табиғи реңкін жоғалтпау маңызды.**

Осындай мәселелерді шешу үшін мемлекет, университеттер және IT-компаниялар бірігіп «Тіл және технология» экожүйесін қалыптастыруы қажет. Мұндай әріптестік тілдің цифрлық дәуірдегі өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Қорыта келгенде, жасанды интеллект қазақ тілінің болашағы үшін қауіп емес, зор мүмкіндік екенін айтқымыз келеді. ЖИ-дің адам сенгісіз мүмкіндіктерін дер кезінде пайдаланып, әр саланы дамытуға бейімдей алсақ, еліміздің инновациялық имиджі де жарқырай түседі. ЖИ-ді қазақ тілін дамыту үшін қолдану экономикалық мүмкіндіктерге жол ашады даусыз. Қазақ тілінде әзірленген тілдік технологиялар (чат-бот, автоматтандырылған құжат өңдеу, аударма жүйесі) стартаптар мен IT-сектор үшін жаңа нарық болар еді. Ал бұл Қазақстандағы цифрлық экономиканың дамуына үлес қосады.

Мөлдір ҒАБИТҚЫЗЫ,
«Цифрлық қазақ тілі»
мамандығының 1-курс
магистранты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың соңғы жылдардағы жолдауларында, жалпы, қолданылған саяси дискурсында «Құқық және тәртіп» идеологемасы алғы шептен орын алғанын байқаймыз. Тіпті қоғамда арнайы заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама да қабылданды. Оны іске асыру жөніндегі Іс-қимыл жоспарына сай, педагогтер алдында жоғары оқу орындарында «Заң мен тәртіп» идеясын түсіндіру жұмысын жүргізу міндеті қойылып отыр.

Бұл ішкі түсінік студенттердің жауаптарында көрініс тапты, олар заңды негіз, тәртіпті жауапкершіліктің көрінісі және әділеттілікті ең жоғары моральдық құндылық ретінде қабылдайды. Сондай-ақ заң нормаларын адамдардың зор ынтамен сақтауы – олардың ақылға қонымды әрі әділетті болуында. Заң бабының өзі ішкі қарама-қайшылыққа толы

Құқықтық мәдениетті дамытудың маңызы зор

«Құқық пен тәртіп» идеологиясын насихаттау мақсатында философия және саясаттану факультеті «Психология» мамандығының бірінші курс студенттерімен кураторлық сағат өткіздім. Оны эдвайзер ретінде өзім басқардым. Бұл іс-шараның студенттердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін дамытуда үлкен маңызы бар екенін атап өту орынды. Мәселен, Жапонияда мектептер мен университеттерде заңды құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламалары бар екен. Әр ел заң мен тәртіпті қамтамасыз етудің өзіндік жолын таңдайды. Өркениетті, дамыған елдерде білім беру және құқықтық ағарту заңды құрметтеуді қалыптастырудың кілті болып саналады. Тек заңды мәжбүрлік сипатта ғана емес, адамның саналы түрде іштей қабылдағаны тиімді екенін өмір көрсетіп отыр. Сондықтан ең алдымен халықтың құқықтық хабардарлығы деңгейін арттыру үшін азаматтарды ақпараттандыру жұмысын үлкен жолға қою керек. Мысалы, студенттерге арналған құқықтық ағарту шаралары олардың құқықтық санасы мен мәдениеті қалыптасуына оң ықпал тигізетіні анық. Бүгінде жас ұрпақпен жұмыс істеу үлкен басымдыққа ие міндет, өйткені болашақта құқықтық мәдениеттің деңгейін дәл осы жастар айқындайды. Құқықтық тақырыпта жария дәрістер, семинарлар, форумдар, дөңгелек үстелдер, тәрбиелік іс-шаралар (ессе конкурстары, дебаттар, олимпиадалар, іскерлік ойындар, дәрістер, әңгімелесулер, фильмдерді талқылау және т.б.) ұйымдастырылып, тұрақты өткізіліп отыруы керек.

Жоғары мұрат тұрғысынан қарасақ, заңда бөле-жару жоқ, ол бәріне бірдей болуы тиіс. Алайда іс жүзіндегі алшақтық халықтың оған деген сенімін аяқтасты етеді. Қазір халық арасында «заң тек кедейлер мен осал жандар ғана міндетті түрде орындауға тиіс дүние, ал қалталылар мен жоғары лауазымдағы тұлғалар үшін заң үстемдігі әншейін бір бос сөз ретінде» деген түсінік бар. Заңның барлығына бірдей әділ қолданылуын қамтамасыз ете алмайтын мемлекетте құқықтық нигилизмнің орын алатыны түсінікті жайт. Қосарланған стандарт – сенімді жоюдың негізгі себептерінің бірі. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде лауазымды тұлғалардың заң



бұзу фактілері жылдам жария болып, жұртшылық оның соңы немен аяқталатынын қадағалап отыратын болды. Жоғары тап өкілдерінің жауапкершіліктен құтылып кетуі жазаның бұлтартпастығы қағидасының бұзылуының жарқын көрінісі.

Күнделікті өмірде адамдардың «Әділеттілік пен жауапкершілік», «Заң мен тәртіп» деген ұғымдарды ұстану оларды қалай түсінуіне байланысты болып келеді. Біз іс-шараны өткізбес бұрын, жастардың бұл жайлы қандай түсініктері барын анықтап алдық. Бірінші курс студенттері Сапарали Нұртас пен Лаура Хачатрян «Жас студенттердің санасындағы құқық, тәртіп және әділеттілік ұғымдарының психологиялық талдауы» атты шағын зерттеу жүргізді. Зерттеу мақсаты қазіргі студенттердің осы үш маңызды категорияны қалай қабылдайтынын және олардың дүниетанымдарында бұлар қалай өзара байланысты екенін түсіну болды. Зерттеу жабық және ашық сұрақтарды қамтитын онлайн сауалнама ретінде жүргізілді. Бұл бізге тек статистикалық деректерді ғана емес, сонымен қатар жастардың құқыққа, моральға және әлеуметтік жауапкершілікке деген көзқарасын көрсететін жеке пікірлерді де жинауға мүмкіндік берді.

Біздің тәрбие жұмысы барысында көздеген мақсатымыз – заң ауыртпалық емес, өркімнің игілігі мен қорғаушысы деген түсінікті қалыптастыру. Аристотель жазғандай, әділеттілік кез келген заңның негізі болып табылады және қоғамды жандандырады. Бұл идея «Шынайы тәртіп ақыл мен ар-ұжданның үйлесімінде басталады» деген әл-Фарабидің сөздерімен үндеседі.

болса не абсурдтыққа дейін жеткізілген, жалпы, ақылға қайшы нәрсе болса, оны орындамақ түгіл, мойындауға қарсылық туады. Тіпті «заң қатал, алайда ол заң» деп айтқанның өзінде де солай болады. Сондықтан заң жобаларының сапасына мән беру әрі оны психологиялық сүйемелдеу маңызды.

Зерттеу нәтижелері бүгінгі жастар үшін заң шектеу ретінде емес, керісінше, үйлесімділік пен тұрақтылықтың қажетті шарты ретінде қабылданып отыр. Тәртіпті жетілудің, жауапкершіліктің және ішкі ұйымдасудың көрсеткіші ретінде қабылдайды. Студенттер әділдікті адалдықпен, теңдікпен, мейірімділікпен және шындықтың ішкі сезімімен байланыстырады екен. Ол қалыптасқан ереже ретінде емес, дұрыс пен бұрысты ажыратуға көмектесетін моральдық сезім ретінде қабылданады. Заң мен тәртіп негізінен әлеуметтік ұғымдар ретінде өмір сүрсе, әділеттілік жеке және рухани сипатқа ие. Ол әрбір студент үшін ішкі тәжірибеге, ар-ұжданға және әлемді моральдық түсінуге негізделген әртүрлі көрініде. Осылайша әділеттілік жеке тұлға мен қоғам арасындағы байланыстырушы буынға айналады, олардың қарым-қатынасына мағына мен адамгершілік сіңіреді. Әлемнің ұстазы әл-Фараби атап өткендей, мемлекеттің мінсіздігі адам ізгілікке ұмтылған кезде мүмкін болады. Дәл осы сана мен ішкі үйлесімділікке ұмтылу жаңа ұрпақтың рухын көрсетеді.

Жарас СЕЙІТНҰР,
Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының ассистент-профессоры

Атом энергетикасының қазіргі қажеттілігі



Әлемде энергия сұранысы күн сайын артып келеді. Өнеркәсіптің, көліктің, тұрмыстық сектордың дамуы энергияны тұрақты және экологиялық таза көздерден алу қажеттілігін туғызады. Солардың бірі – атом энергетикасы, яғни ядролық реакция арқылы электр энергиясын өндіру.

Алайда атом энергетикасын дамыту кейбір мәселелермен байланысты:

- Атом энергетикасы әлемде энергия тапшылығын шешудің маңызды көзі болып саналады.

- Ол көміртекті азайтуды қамтамасыз етіп, экологиялық таза энергия көзі ретінде қарастырылады.

- Атом электр станциялары тұрақты энергия өндіруге мүмкіндік береді, әсіресе жаңартылатын көздер жеткіліксіз болған жағдайда.

- Қауіпсіздік, радиациялық бақылау және қалдықтарды басқару мәселелері атом энергетикасын дамытудағы негізгі факторлар.

- Болашақта атом энергетикасы жаңа технологиялар (мысалы, жасанды интеллектпен басқарылатын реакторлар, шағын энергиялық реакторлар) арқылы қауіпсіз және тиімді энергия көзіне айналуы мүмкін.

Атом энергетикасы көміртекті азайтуға үлес қосып, климаттық өзгерістермен күресуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде радиациялық қауіпсіздік, ядролық қалдықтарды басқару және экологиялық әсерлер бар. Ғылыми зерттеулер мен технологиялық жаңалықтар бұл қауіптерді азайтуға бағытталған. Мысалы, жаңа буын реакторлары (кіші қуатты, пассивті қауіпсіздікке ие) атом энергиясын тиімді әрі қауіпсіз етеді. Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың мәлі-

метінше, Қазақстан уран сату бойынша бірінші орында. Осы орайда, атом электр станциялары тұрақты энергия өндіруге мүмкіндігі зор. Ол күн, жел сияқты жаңартылатын көздерге қарағанда ауа райына тәуелді емес. Бұл, әсіресе, еліміздің экологиялық мәселесін шешуде аса маңызды. Әйтпесе Қазақстанның экологиялық көрсеткіші 180 елдің ішінде 93-орында болса, ал ауаның ластануы бойынша 115-орында. Сондықтан еліміз дүниежүзіндегі атом энергетикасын дамытуға мүмкіндігі бар 27 мемлекеттің қатарына қосылды.

Болашақта атом энергетикасы жасанды интеллект, роботтандырылған бақылау жүйелері және жаңартылатын энергия көздерімен бірігіп, энергия өндірісінде тұрақты, қауіпсіз және экологиялық таза рөл атқарады. Сонымен қатар ядролық энергия зерттеу мен инновацияға жаңа мүмкіндіктер ашып, ғылыми прогресті жылдамдатады. Қорытындылай келе, атом энергетикасы қазіргі қоғам үшін қажетті әрі стратегиялық маңызды энергия көзі екенін айтқымыз келеді. Оның дамуы энергия қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, экологиялық таза, экономикалық тұрақты болашаққа жол ашады.

Мәнсия ӘСЕМБАЕВА,
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к.

Президент Касым-Жомарт Токаев в своем послании народу Казахстана призывал проявлять активность во внедрении механизмов цифровизации и искусственного интеллекта практически во всех сферах. Глава государства подчеркивает, что сегодня актуальными становятся проблемные вопросы цифровизации и искусственного интеллекта. Придавая огромное значение этим новейшим технологиям, Президент предлагает создать в стране специализированное Министерство искусственного интеллекта и цифрового развития. Карлыгаш Советовна Байшоланова, профессор кафедры «Информационные системы» факультета информационных технологий, координатор образовательной программы PhD по информационным системам и член Академического Совета данного факультета, предоставила информацию о вкладе преподавателей факультета информационных технологий КазНУ им. аль-Фараби в реализацию масштабных государственных проектов.

— Карлыгаш Советовна, в своём обращении к народу Казахстана Касым-Жомарт Токаев выступил с инициативой о создании Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития. Как эксперт в области информационных технологий, объясните, какую роль будет играть Министерство в формировании стратегий по внедрению искусственного интеллекта (ИИ) в различные сферы жизни?

— Трансформация цифровизации мирового уровня осуществляется во всех сферах социально-экономической жизни каждой страны. В процессе принятия решений по цифровизации в ИИ создается новое министерство, которое становится его неотъемлемой частью и теперь несет ответственность за реализацию мер стратегического назначения, стоящих перед государством, и как организация, их осуществляющая. В этой связи перед новым министерством стоит задача реализации государственных стратегических приоритетов посредством управления процессом цифровизации и формирования собственной организационной структуры для их осуществления. Отвечая на ваш вопрос, хочу сказать, что сейчас перед создаваемым Министерством искусственного интеллекта и цифрового развития стоят грандиозные и нестандартные задачи, которые полностью охватят цифровую жизнь страны, охватят взаимодействие государства, бизнеса и населения в цифровой среде. Теперь, конечно, выполнение такой задачи станет стратегической целью нового министерства.

— Мировая цифровизация активно проникает во все аспекты социально-экономической деятельности каждой страны. Какие государства, по вашему мнению, уже добились значимых успехов в этом направлении?

— В США, Китае, Канаде, Великобритании, Израиле начали реализовываться национальные стратегии в отношении ИИ. Показательным примером может служить Объединённые Арабские Эмираты, где в 2020 году было создано министерство, ответственное за развитие искусственного интеллекта. В 2024 году оно инициировало принятие Хартии по созданию и применению ИИ, что способствовало укреплению позиций страны в системе международного управления искусственным интеллектом. Аналогичные устремления демонстрирует Тайвань, стремящийся войти в число мировых лидеров в данной сфере. Недавно он объявил о запуске «Десяти крупных ИИ-проектов», которые в 2040 году принесут в экономику

страны около 510 миллиардов долларов. В планах страны были представлены три программы по ключевым направле-

предусматривающих расширение охвата дисциплин, связанных с искусственным интеллектом, около 75% вузов

Карлыгаш БАЙШОЛАНОВА,
профессор кафедры «Информационные системы» факультета IT

ИИ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ: ОПАСЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ

ниям: кремниевая фотоника, квантовая технология и ИИ-робототехника, цель которых — стать «островом умных технологий» в качестве крупного игрока в области ИИ. Благодаря этим мерам, на реализацию которых выделено около 3 млрд долларов, удалось достичь значительных результатов.

— Какие шаги нам предстоит предпринять для обеспечения безопасности, стабильности и контроля над искусственным интеллектом?

Для достижения этой цели составить стратегический план и рассмотреть конкретные меры по реализации указанных в нем задач. Во-первых, создание национального Центра обработки данных (ЦОД) и обеспечение энергисточников, поддерживаемых его мощностью (АЭС), привлечение инвестиционных фондов для развития направления ИИ и поддержки инноваций, необходимо планировать такие меры и задачи, как тесное увязка ИИ с отраслями торговли, оборона, здравоохранение, образование, энергетика и др., создание отечественных стандартов ИИ, качественная подготовка конкурентоспособных специалистов по направлению ИИ, поддержка прикладных научных проектов, разработка системы мер кибербезопасности и защиты данных, нормативно-правовых актов по ИИ. В этой связи, в документе «Digital Kazakhstan» Министерством могут быть рассмотрены проекты и инициативы в области искусственного интеллекта, начиная с цифровизации экономики страны и заканчивая переходом на GovTech, созданием благоприятной среды для цифровой инфраструктуры, поддержкой инновационной экосистемы и обеспечением кибербезопасности.

— Ваш факультет осуществляет подготовку специалистов в области искусственного интеллекта?

— В настоящее время в республике функционирует 127 высших учебных заведений. В связи с внедрением изменений в государственные образовательные стандарты,

уже внедрили преподавание соответствующих курсов. Кроме того, 20 университетов реализуют полноценные образовательные программы по подготовке специалистов в области ИИ.

Что касается Казахского национального университета имени аль-Фараби, то в текущем учебном году его факультет по подготовке IT-специалистов был обновлён и переименован в Факультет информационных технологий и искусственного интеллекта. Как следует из названия, данный факультет, возглавляемый Иманкуловым Тимуром Сакеновичем, объединяет четыре кафедры, осуществляющие подготовку IT-специалистов на трёх уровнях образования — бакалавриате, магистратуре и докторантуре. Эти специалисты востребованы на современном цифровом рынке труда Казахстана. Все выпускники образовательных программ бакалавриата факультета трудоустроены либо продолжают обучение в магистратуре и докторантуре научно-педагогического направления. В настоящее время на факультете IT реализуются 9 образовательных программ уровня бакалавриата, 12 магистерских программ и 11 программ докторантуры PhD. В направлении ИИ на факультете действуют специализированные образовательные программы. Например, в бакалавриате реализуются такие направления, как «Высоконагруженные информационные системы с искусственным интеллектом», «Искусственный интеллект» и «Интеллектуальная система управления». В магистратуре представлена программа «Интеллектуальная система управления», а в докторантуре — «ИИ в области медицины» и «Интеллектуальные системы управления».

— По информации Министерства цифрового развития, за пять лет планируется обучить один миллион человек навыкам работы с искусственным интеллектом. Вы тоже принимаете участие в этой инициативе?

— Если считать главным



лечение для них инвестиций для их реализации. Наша страна стремится к лидерству в области технологий ИИ в Центральной Азии и ставит перед собой цель превратить Астану интеллектуальный центр региона. По прогнозам центра Alem.ai, к 2029 году объем экспорта отечественных решений в сфере ИИ может достичь 5 миллиардов долларов за счет реализации указанных стратегических направлений.

— Как вы видите будущее искусственного интеллекта с точки зрения его наивысшего уровня развития? Может ли чрезмерное увлечение ИИ представлять угрозу для личной безопасности?

— По мере достижения искусственным интеллектом нового технологического пика в обществе начинают активно появляться виртуальные личности, функционирующие в научно-технической и социально-экономической среде. Эти цифровые агенты способны работать значительно быстрее и эффективнее человека, независимо от сферы их применения. Однако, несмотря на допустимость и пользу внедрения искусственного интеллекта в повседневную жизнь, есть аспекты, которые вызывают серьезные опасения. По мере того как интеллектуальная активность человека всё больше адаптируется к технологиям ИИ, возникает риск снижения уровня самостоятельного мышления, деградации сознательной мыслительной деятельности, а также ослабления межличностных связей и социальной изоляции. Кроме того, цифровая среда становится пространством для манипуляций: известные случаи, когда злоумышленники, используя доверие человека, применяют ИИ для создания поддельного контента и «глубоких фейков», преследуя собственные цели. Всё это способствует возрастанию психологического давления и тревожности у людей в повседневной жизни.

По мнению Джеффри Хинтона, одного из ведущих мировых экспертов в области искусственного интеллекта, лауреата Нобелевской премии, будущее ИИ остается неясным даже для самих ученых. Хинтон подчеркнул, что если ИИ продолжит развиваться и самостоятельно изменять свою природу, существует риск его выхода из-под человеческого контроля. Дж. Хинтон убежден, что, несмотря на очевидные преимущества искусственного интеллекта для человечества, сейчас есть шанс установить строгие правила и провести глубокие исследования. Применение оружия, созданного на основе ИИ, должно быть запрещено на глобальном уровне. В этот критический момент для всего человечества важно осознать свою ответственность. Только так мы сможем гарантировать мирное, светлое и счастливое будущее. Использование ИИ и других научных достижений должно быть направлено исключительно на благое цели.

— Спасибо вам за предоставленные сведения!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Оқырмандардың «бұл Ғамзатов деген кім еді тағы?..» деуі әдбел мүмкін. Өз ұлтымыздың ұлыларын, данагөйлеріміздің даналығын, қазақтың көсемсөзшілерін ұмыта бастаған жастарымыз өзгенің өкілін қайдан білсін?! «Ол – Дағыстанның халық ақыны, аудармашы. Оның «Тырналар» («Журавли») шығармасы танымал болды», – деген анықтама берілген Википедияда.

Ғамзатовтың ғажабы



Енді Ғамзатов несімен ғажап болып, санамызда қалып отыр? Өйткені ақынның о дүниелік болған авардың бейнесінде жазған өлеңі жер бетіне тарап, бірнеше тілге аударылып, көпшіліктің көңілінен шыққан:

*Естідім де сөзін ана тілімнің,
Бойым жылып,
лезде мен тірілдім.*

*Балгер де емес,
дәрігер де емес емдейтін
Тек өзімнің тілім екен
сөйлейтін.*

*Өзге бір тіл емдер
басқаларыңды,
Мен онымен айта алмаймын
әнімді.*

*Егер тілім ертең болса
құрымақ,
Мен дайынмын
өлуге де бүгін-ақ.*

Қай қоғамда да тіл мәселесі бары белгілі. Қоғамның, технологияның, өркениеттің дамуымен байланысты тілдік өзгерістер туа береді. Біздің ұлтта да тіл өзекті болып отыр. Алайда ол мәселе өркениеттік дамумен байланысты емес, тікелей өзімізге қатысты екені де аян.

Қазақстанда қазақ тілі – мемлекеттік тіл деп саналады. Солай бола тұра, біздің ұлт өкілдері жапатармағай орысша сөйлеп, тіліміздің өрісін қысқартып, қолданылу аясын тарылтып отыр. Тіпті басшылардың өздері орыс тілінде сөйлеп, қазақшасын шұбарлап, тілін бұрап сөйлейді. Міне, осылай төл тілді өгейсітіп, қолда бардың қадірін білмей отырмыз.

Соңғы жылдардағы ғалымдардың зерттеу нәтижесі бойынша кейбір халықтар тілдеріне жаһандану дәуірінде жойылып кету қаупі төніп келе жатқаны мәлім болып отыр. Сондықтан да ел болып ұрпақ санасына ана тілінің қадірі, қажеттілігі жөнінде тұрақты түрде насихаттай беру заманның талабы екені тегіннен емес. Бұл ретте жастар болашағы тәуелсіздік тұғыры болғандықтан, ұрпақ тәрбиесіне, әр құбылысқа елеңдеп тұрған жастарға оң бағыт сілтеп, қоғамдық пікір қалыптастырып, жастардың ұйымдас-

тырушысы бола білетін, сөйте отырып, дәуір үнін, кезең келбетін нанымды бейнелеуге тырысатын өнімдер көбейе түскені ләзім. Өйткені жаһандану тілге қойылатын талапты күшейтті, сондықтан да идеологияның қуатты күшін сол талаптарға бейімдей отырып әрі сақтықпен пайдалану қажеттігі туындап отыр.

Белгілі тілші-лингвист Дуг Уоленнің пікірінше, дүниежүзіндегі қазіргі бар тілдердің келешекте тек 5 пайызы ғана өмір сүре алады екен. Қалғандары біржолата жойылмақ. Ғалымдардың зерделеуінше, жыл сайын жиырма бес тіл қолданыстан шығып қалады. Демек, ХХІ ғасырда дүниежүзілік тілдердің 80 пайызы қолданылмайтын болады. Америкалық лингвист Майкл Краус жойылу қаупі төнген тілдерді бес санатқа бөледі: 1. Қауіп төне бастаған тілдер (әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан деп табылған, үлкен тілдердің қыспағына түскен тілдер. Басты белгісі – алдымен бұл тілде сөйлейтін жастар азая бастайды). 2. Қауіп-қатер төнген тілдер (бұл халықтың жас ұрпағы өз тілінде сөйлегісі келмейді). 3. Аса қауіп-қатер төнген тілдер (бұл тілде жақсы сөйлейтіндердің жасы елуден асқандар). 4. Өле бастаған тілдер (бұл тілде тек қартайған адамдар ғана сөйлейді). 5. Жойылған тілдер (бұл тілде сөйлейтін бірде-бір адам қалмаған). Қазақ тілі аталған санаттардың қай деңгейінде тұрғанын пайымдай беріңіз...

Қазір еліміз жаһандану кезеңімен бетпе-бет келіп, елдікті жаңа тұрғыда нығайту процесін бастан өткізуде. Капитал нарығын тұрақтандыру, өндіріс орындарын дамыту, шикізат қорын үнемді пайдалану, интеллектуалдыққа барынша бет бұру, бейбіт өмірді сақтай отырып, келелі қауымдастық шеңберінде қадам жасау жағдайына барынша жақындау үстінде. Мақсат – елді дамытуға жаңаша көзқарас қалыптастыру және жаңаша әрекет ету. Яғни жаңа Қазақстан қоғамы экономиканы сандық, көлемдік жа-

ғынан ғана көтеріп қоймай, оны ғылымның, техниканың, технологиялардың, коммуникативтік жүйелердің озық жетістіктерімен үйлестіре отырып дамытуға тиіс.

Қазір дүние жүзінде 2796 тіл қолданылатын көрінеді. Қолданатын жан саны 50 миллионнан асатын тіл – 13. Егер бұл тілдерді қолданатын жан санының аз-көптігіне қарай тізсек, реті мынандай болады: қытай тілі, хинди-ордо тілі, ағылшын тілі, испан тілі, итальян тілі. Бұл тілдер 65 мемлекетте мемлекеттік тіл ретінде қолданылады. Дүние жүзінде ресми тіл саны алтау: қытай тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, испан тілі, француз тілі, араб тілі.

Дүниедегі барлық аударма шығармалардың 33 пайызы ағылшын тілінен аударылса, 15 пайызы француз тілінен, ал 1 пайызы неміс тілінен аударылады. Жалпы, 6 мыңға жуық тілдің 100-і ғана мемлекеттік деген статусқа ие болған. 1989 жылы «Тіл туралы» заң қабылданғаннан бері қазақ тілі де осы мемлекеттердің қатарына кірген болатын.

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың сөзімен заманға қарата: «...Ей, сорлы заман, тар заман!.. Менің маңдайыма сені берді. Аштырмадың адымымды! Менен аяған қай қастығың қалды. Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар?» – деген зарын жеткізген. (Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. 336-б.). Ол қай кез, біз қай кездеміз? Әлі күнге сол зарлы заманды кешудеміз. Оған кім кінәлі? Әрине, өзіміз. Өйткені саналылар азайды, намыссыздар көбейді, басқа мәдениеттің, басқа діннің, салт-сананың шырмауына іліккендер басым бола бастады, ұлт болашағын ойлайтындар санаулы ғана деуге болады. Ұлт қамынан гөрі қарынның қамын ойлайтындар артты. Алайда Алаш арыстарының «қағанағы қарқ болып, сағанағы сарқ болып» жүріп ұлт, тіл қамын ойлап па? Жоқ, әрине!

Адами қасиеттерді бойға сіңіру, жаһандық деградациялануға тосқауыл қою, ұлт тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтап қалу сияқты т.б. проблемалар – әлем халықтарының санасында сақталып, елеңдетіп отырған жайт. Интернеттің халықаралық дамуы, ақпарат таратудың цифрлануы, конвергенциялануы және жеке электронды құрал-жабдықтарға деген қажеттілік дәстүрлі өдет-ғұрыптың жаңа белестерге шығуын талап етеді. Яғни халықпен байланыс орнатудың техникалық, ұйымдастырушылық, өндірістік, экономикалық пішіндері мен тәсілдері жандану түсіні отыр. Әрине, ғаламдық өзгерістерден Қазақ елі тыс қала алмайды, сол трансформациямен теңдесе жүріп, мемлекетті дамыта отырып, өзінің тілдік, ділдік, ұлттық ерекшеліктерін сақтаулары тиіс.

«Ашынғаннан шығады ащы дауысым» дегендей, айтпағымыз – әр қазақ өз ұлтының, тілінің, ділінің қамын бүгіннен ойлап, болашақ ұрпақтарына тәуелсіздіктің тізгінін берік ұстатса деген ниет қана...

КЛАРА ҚАБЫЛҒАЗИНА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры

Жаңа талаптарға бейімделу кезеңі

Ресейдің Болон білім беру жүйесінен шығу туралы шешімі тек өз елінде ғана емес, Қазақстанда да үлкен қызығушылық тудырды. Себебі көптеген қазақстандық университеттер ресейлік жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

2003 жылы Ресейде енгізілген Болон жүйесі білімді екі деңгейге, яғни бакалавриат пен магистратураға бөлуді қарастырған еді. Алайда соңғы жылдары Ресей басшылығы бұл модель ұлттық білім беру дәстүріне және ішкі еңбек нарығының сұранысына толық сәйкес келмейді деген тоқтамға келді. Енді көрші ел мамандық жүйесіне қайта оралды, бұл бесжылдық бірыңғай оқу циклі болып саналады.

Болон үдерісінің қатысушысы болып қала беретін Қазақстан үшін бұл қадам ресейлік жоғары оқу орындарымен бірлескен бағдарламаларды бейімдеуді қажет етеді. Қазір көптеген қазақстандық университеттер Ресеймен қос диплом және академиялық алмасу жобаларын жүзеге асырып келеді. Енді олардың құрылымына өзгерістер енгізілуі мүмкін. Әсіресе ресейлік университеттердің Қазақстандағы филиалдарына бұл тікелей қатысты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы жұмыс істейді, ал Л.Н.Гумилёв

атындағы Еуразия ұлттық университетінде Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы бар. Бұл орталықтар өз қызметін жалғастыра береді, бірақ оқу бағдарламалары жаңа ресейлік стандарттарға сәйкестендіріледі.

Дегенмен сарапшылар елдер арасындағы білім беру байланыстары сақталады деген пікірде. Бірлескен ғылыми зерттеулер, оқытушылар мен студенттер алмасу жалғаса береді, тек олардың форматы өзгереді.

Ресейдің Болон жүйесінен бас тартуы ынтымақтастыққа кедергі емес, бұл тек жаңа талаптарға бейімделу кезеңі. Қазақстан үшін басты міндет – еуропалық стандарттар мен Ресеймен академиялық байланыстың тепе-теңдігін сақтап, сапалы білім мен дипломдардың халықаралық мойындалуын қамтамасыз ету.

Тұрғара ТҮСЕЕВ,
Жылу физикасы және
техникалық физика
кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры, ф.-м.
ғылымдарының докторы

Тұқымдарды қорғаудың тиімді жолы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары тұқымдарды биодырайтын түрлендірілген полимерлермен қаптап, ауыл шаруашылығында суды үнемдеудің тиімді тәсілін әзірледі.

Оқу ордасының зерттеушілері дақылдар мен жеміс тұқымдарын қаптау үшін полимерлі гидрогельдер, саз балшық, күріш қауызының күлі және крахмал ерітіндісімен қаптадық. Мұндай инновациялық жоба Қазақстанда бұрын жүзеге аспаған», – дейді жоба жетекшісі, қауымдастырылған профессор Райхан Рахметуллаева.

Бүгінде ҚазҰУ ғалымдары жоба бойынша патент алып, жоғары рейтингі бар халықаралық журналдарда мақалалар жариялаған. Жобаға 10-нан астам ғалым қатысуда.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ғылым жолында сенімім арта түсті

Мен биыл ҚР жоғары оқу орындары арасында өткен ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауына алғаш рет қатысып, жүлделі 1-орынды жеңіп алдым. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе, толқыныс пен жауапкершілікке толы сынақ болды. Өзімді ғылыми ортада сынап көру, зерттеу нәтижелерімді таныстыру осы байқауға қатысудағы басты мақсатым еді. Жеткен жетістігім маған үлкен шабыт беріп, болашақ ғылыми жолыма деген сенімді нығайтты.



деген адалдығы мен шәкірттеріне деген жанашырлығы мен үшін үлгі. Осы жетістігім – ұстаз еңбегінің нәтижесі. Сонымен қатар кәсіби тұлға ретінде қалыптасуыма ықпал еткен кафедра оқытушыларына да ерекше алғыс білдіремін. Сіздердің мол тәжірибелеріңіз бен терең білімдеріңізді үйретудегі қажырлы еңбектеріңізді жоғары бағалаймын.

Мен үшін «Тарих» маман-

дығын таңдау тек білім алу емес, өзімді ғылыми тұрғыдан дамытуға, тарихи санамды кеңейтуге мүмкіндік берген маңызды шешім болды. Болашақта да ғылыми зерттеулерімді жалғастырып, еліміздің тарих ғылымына өз үлесімді қосуды мақсат етемін.

Мөлдір РАХМЕТОВА,
«Тарих» мамандығының
2-курс магистранты



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ
Газетке жазылу индексі: 64787



- «Qazaq universiteti» газеті – 80 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

1 жылға	қала		ауыл/аудан
	жеке тұлға	заңды тұлға	
	4930,62 теңге	7304,64 теңге	4930,62 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы
жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылууды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 3227, 3228

Адалдық – адам болмысының ең асыл қасиеті. Адал адам – өз ұлты мен қоғамның тірегі. Ал адал азамат болу – жай ғана мінез емес, тұтас бір тәрбиенің нәтижесі. Себебі адалдық жүрекке бір сәтте ұяламайды, ол бала жастан өнеге мен еңбек арқылы қалыптасады.

Адалдық – көзге көрінбейтін, бірақ жүректен танылатын қасиет. Ол шындықты айтуда, уәдеге берік болуда, өз ісіне жауапкершілікпен қарауда байқалады. «Адал адам – арының құлы, арам адам – малының құлы» деп халық тегін айтпаған. Нағыз азамат – өз

Адалдық — ең асыл қасиет

пайдасын емес, ел мүддесін ойлаған адам.

Қазіргі қоғамға дәл осындай адал азаматтар қажет. Өйткені адалдық бар жерде әділдік орнайды, сенім күшейеді, мемлекет дамиды. Ал адалдық жоғалған жерде сатқындық, жалғандық, жемқорлық белең алады. Сол себепті адал болу – тек жеке қасиет емес, қоғамдық жауапкершілік. Адал азамат – тәрбие мен рухтың жемісі. Мұндай тұлғаны қалыптастыратын ең алдымен – отбасы.

Жаңа оқу жылынан бастап

еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама негізінде жүргізіліп келеді. Бұл бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие тұжырымдамасының» жалғасы, бірақ мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестірілген. Бағдарламаның түпкі мақсаты – қоғамның мызғымас тірегі, отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу; әділеттіліктің, адамгершіліктің, жауап-

кершілік пен еңбексүйгіштіктің айқын бейнесі болатын адал азаматты қалыптастыру.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда мемлекеттік органдармен, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат салаларымен өзара бірлесе қызмет атқару – басты мақсаттардың бірі.

Колледжімізде ай сайын «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар өтуде. Заң және тәртіп бағыты бойынша колледждің заңгер мамандығының оқытушылары күнде-

лікті өмірде заң нормаларын дұрыс қолдану, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында дәрістер мен кездесулер ұйымдастыруда. Сонымен қатар медицина орталығының мамандары суицид, лудомания, АИТВ/ЖИТС (ВИЧ/СПИД) тақырыптарында жүйелі түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Гүлжан ҮДІРЫСОВА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ колледжінің оқу-тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.